

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Министрінің 2001 жылғы 2 ақпандағы N 117 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрілігінің қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы нұсқаулығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1734 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 24 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1735. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Z010210_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

77. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрілігінің 2001 жылғы 10 ақпандағы N 117 бұйрығымен бекітілген "Қосылған құн салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрілігінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1734 V011735_ бұйрығы. -----

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрі 2001 жылғы 19 желтоқсан

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 22 сәуірдегі Заңына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Министрінің 2001

жылғы 2 ақпандағы N 117 V011434_ бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:
аталған бұйрығымен бекітілген қосылған құн салығын есептеу және төлеу
тәртібі туралы Нұсқаулығына:

52 тармақтың 8 тармақшасында:

1) екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы жеңілдік Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тұжырымдалған шарт бойынша заңды және жеке тұлғалармен атқарылатын геологиялық барлау және геологтық-ізвестіру жұмыстарына да тарайды:

жер қойнауы учаскілерін (геологиялық үлесін) барлау бойынша жұмыстар жүргізуге ;

қазба жұмыстарын қоса атқару және жер қойнауы учаскілерін (геологиялық үлесін) барлау бойынша жұмыстар жүргізуге;

жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүзеге асыру.";

2) үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы жеңілдік көрсетілген заңды және жеке тұлғалар мердігерлерімен және қоса мердігерлерімен атқарылатын геологиялық барлау және геологтық-ізвестіру жұмыстарына да тарайды"; 3) төртінші абзацта мынадай редакцияда жазылсын: "

Геологиялық барлау және геологтық-ізвестіру жұмыстарына жүзеге асырылатын мынадай жұмыстар түрлері жатады:". 2. Әдістеме департаментіне: осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін; келісілген бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін. 3. Осы бұйрық 2001 жылғы 6 сәуірінен бастап күшіне енгізіледі.
Министр Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.